

**Амантаева Арайлым Кайратовнаның
6D011300-Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациясына**

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері (жобалау технологиясы мысалында).

Зерттеудің мақсаты: болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

- кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі экологиялық құзыреттілік ұғымына теориялық тұрғыдан сипаттама беру;

- болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жобалау технологиясына негізделген әдістемесін даярлау;

- тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды сынақтан өткізу, нәтижесінің тиімділігін дәлелдеу және оқу үдерісіне енгізу, зерттеу мәселесі бойынша әдістемелік ұсыныстар даярлау.

Зерттеу әдістері:

- теориялық (философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, талдау, синтездеу, топтастыру, қорытындылау);

- эмпирикалық (әңгімелесу, сауалнама жүргізу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар, бақылау, тест, айқындаушы және қалыптастырушы эксперимент);

- статистикалық (зерттеу нәтижелерінің сенімділігін математикалық - статистикалық тұрғыдан өңдеу).

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар).

- болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін талдау нәтижелері;

- биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалды. Модель үш компоненттен, жобалау технологиясын қолдану, нәтижелерден тұрады. Компоненттер: мотивациялық - оқу және зерттеу іс-әрекетінде білім алушының қажеттіліктерін қамтамасыз етуде белсенділіктерін ынталандыруға және бағыттауға ықпал етеді, процессуалдық – аналитикалық - талдау, әдістемелік, практикалық іс-әрекеттерін, жобалау технологиясын қолдану негіздерін құрайды, мазмұндық – болашақ биолог мұғалімдердің оқу-танымдық іс-әрекетінің негізі болады;

- болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жобалау технологиясына негізделген әдістемесі жобалау технологиясы әдісін қолдану негізінде ұсыныстар берілді;

- болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін дәлелдейтін эксперименттік жұмыс, қорғауға ұсынылған ережелердің дұрыстығын растайды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілік ұғымы нақтыланып, жобалау технологиясы мысалында қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделді;

- болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жобалау технологиясына негізделген әдістемесімен қамтамасыз етілді;

- болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігін тексеру мақсатында тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

- *бірінші нәтиженің жаңалығы* – зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми еңбектерге, диссертациялық жұмыстарға және ҚР БЖҒМ бекіткен нормативтік құжаттарға талдау жасалып, диссертациялық жұмыста болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері ұғымына түсініктеме берілді. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* болашақ биолог мұғалім тұлғасын қалыптастыруда теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, қазіргі білім беру үдерісіне интеграциялау мүмкіндіктері қарастырылды;

- *екінші нәтиженің жаңалығы* – болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігінің мән-мағынасына теориялық тұрғыдан сипаттама берілді. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін негіздеуге мүмкіндік беріп, әдістемелік тұрғыдан орындаудың жоспарлы түрдегі үлгісі дайындалып, болашақ биолог мұғалімдерге қолдануға мүмкіндіктер қарастырылды;

- *үшінші нәтиженің жаңалығы* – болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жобалау технологиясына негізделген әдістемесінің нәтижесінде «Экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы жобалау технологиясы» атты оқу құралы даярланып, «Ғылыми әрекеттерді ұйымдастыру» элективті курсының мазмұнына ендірілді. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатындағы 6В01513-Биология, 7М01513-Биология, 8D01513-Биология білім бағдарламаларына сәйкес білім алушыларға, сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру жүйесінің қызметкерлеріне арналып даярланған оқу үдерісінде көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылды;

- *төртінші нәтиженің жаңалығы* – тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдері жүргізілді. Алынған нәтижелердің *маңыздылығы* тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, нақтыланды.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Зерттеу жұмысының негізгі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, «Педагогтің кәсіби стандарты», ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексі, ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары, сонымен қатар, Қазақстан Республикасында экологиялық білім беру, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру мемлекет тарапынан қабылданған нормативтік құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (диссертация авторы жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген). Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми еңбек жарияланды:

- 1 мақала Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған;

- 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарында жарияланған;

- 6 мақала халықаралық және республикалық-ғылыми семинарлар мен конференциялардың тезистерінде, оның 2-уі шетелдік конференция материалдарында жарияланған;

- 1 оқу құралы Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестігі (Жобаларды басқару топтары) грифімен жарық көрді (онлайн-мәжіліс хаттамасы №3, 21.02.2021 ж.). Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалған.

1. Forming environmental competence in future biology teachers through project tasks // Cypriot Journal of Educational Sciences.-Vol 17(2), 2022. – P. 664-675 (Karbayeva Sh., Childibayev Zh., Turlybekova G., Issayev G., Stankevich P. авторлық бірлестікте 75%) (Scopus). Мақалада жобалау технологиясы негізінде студенттердің экологиялық құзіреттілігін қалыптастыру және дамыту мәселелері, жүргізілген зерттеу студенттерге жобалау технологиясының көмегімен экологиялық мәселелерді өз бетінше анықтауға мүмкіндік бергені қарастырылады.

2. Оқу үдерісінде болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзіреттілігін дамыту мәселелері // Хабаршы Абай ат. ҚазҰПУ, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. - №1, 2019. - Б.120-125 (Чилдибаев Ж. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада экология ғылымының адамзаттың

экологиялық сауаттылық аспектісі ретінде көптеген жаңа тұжырымдамалар, экологиялық білімнің басты міндеттерінің бірі - адамның экологиялық сауаттылығын қалыптастыру, ол адамның танымдық белсенділігіне негізделеді және алынған білімдерді күнделікті тұрмыста қолдану және экологияның өзекті мәселелерін шешуде қолдану мүмкіндігі қарастырылған.

3. Экологиялық білім мазмұны компоненттері негізінде білім алушылардың экологиялық құзыреттілігін дамытудың жолдары // Қазақ білім академиясының баяндамалары. - №2, Астана, 2019. – Б. 87-93 (Чилдибаев Ж. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада экологиялық білім мазмұны компоненттері негізінде білім алушылардың экологиялық құзыреттілігін дамытудың жолдары қарастырылған.

4. Педагогтің экологиялық құзыреттілігі білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізі // Хабаршы Абай ат. ҚазҰПУ, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. - №1, 2020. - Б. 25-31 (Чилдибаев Ж., Лахбаева Ж. авторлық бірлестікте 70%). Мақалада болашақ мамандарға экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызы, оның құрамдас бөліктері және қоғамның әр мүшесі үшін оның қалыптасуының мүмкін жолдары қарастырылған. Экология ғылымы адамзаттың экологиялық сауаттылық аспектісі ретінде көптеген жаңа тұжырымдамалар, экологиялық білімнің басты міндеттерінің бірі - адамның экологиялық сауаттылығын қалыптастыру, ол адамның танымдық белсенділігіне негізделеді және алынған білімдерді күнделікті тұрмыста қолдану және экологияның өзекті мәселелерін шешуде қолдану мүмкіндігі қарастырылған.

5. Болашақ мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін дамытудың заманауи мәселелері // Мектеп оқушылары, студенттер, жас ғалымдардың «Жас ғалым - 2019» атты VII Халықаралық ғылыми - практикалық конференциясы, Тараз, 2019. – Б. 25-29 (Чилдибаев Ж. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада отандық және алыс-жақын шетелдік педагог ғалымдардың еңбектеріне педагогикалық-психологиялық, теориялық талдау жасалып, «құзыреттілік», «экологиялық құзыреттілік» сөздерінің мәні анықталып, бірқатар анықтамалар қарастырылған.

6. Экологиялық психологияның әдістемелік аспектілері негізінде болашақ биолог мұғалімдердің экологиялық құзыреттілігін дамыту // «Қазіргі биологияның әдіснамасы, теориясы мен практикасы» атты студенттер мен жас ғалымдардың IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, А. Байтұрсынов ат. Қостанай МУ Қостанай, - 2019. – С. 454-458 (Чилдибаев Ж. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада экологиялық психология қарым-қатынастың психологиялық аспектілері, адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттестігі (кеңістіктік-географиялық, әлеуметтік, мәдени) туралы білімнің пәнаралық саласы ретінде қарастырылады.

7. Экологическая культура - основа формирования экологической компетентности // Герценовские чтения на тему «Проблемы биологического и экологического образования школьников и студентов».- Санкт - Петербург, 2019. - С.77-82 (Чилдибаев Ж. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада экологиялық мәдениет экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың негізі

ретінде белгілі ғалымдардың «экологиялық мәдениет» тұжырымдарын талдай отырып, оларды қазіргі көзқарас тұрғысынан қарастырылды.

8. Development of environmental competence of trainers on the basis of the components For ecological education // International Scientific and Practical conference "Developing educational environment at school, college and university - modern trends and research". – Almaty -Moscow, 2019. - P. 56-62 (Чилдибаев Ж. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада авторлардың экологиялық білім компоненттеріне кешенді талдау жасалып, терминдердің мазмұнына сүйене отырып жастардың экологиялық құзыреттілігін дамытудың оқу - тәрбие процесінде іс-шаралар жүйесін ұсынуды қарастырылған.

9. Білім алушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда экологиялық білім мазмұнының ғылыми-теориялық негіздері // II Халықаралық ғылыми - практикалық конференция «Экология және биоалуантүрлілікті сақтау». - Алматы, 2019. - Б.18-22 (Чилдибаев Ж. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада зерттеу барысында белгілі ғалымдардың «экологиялық сауаттылық», «экологиялық саналылық», «экологиялық тәрбиелілік», «экологиялық сана», «экологиялық мәдениет» және тағы басқа ұғымдарды талдай отырып, оларды заманауи тұрғыдан қарастырып өз көзқарастары, пікірлері ұсынылған.

10. ЖОО экологиялық білім беру үдерісінде жобалау әдісін пайдаланудың тиімділігі // «Орта және жоғары мектептерде биологиялық және экологиялық білім берудің өзекті мәселелері (инновация және тәжірибе)» атты халықаралық ғылыми практикалық конференциясы. - Алматы, 2021. - Б.190-195 (Станкевич П. авторлық бірлестікте 80%). Мақалада білім беру үдерісінде жобаларды орындау барысындағы жобалау технологиясының бірқатар тиімділігі мен артықшылықтары әдістемелік нұсқаулықтар келтірілген.

11. Экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудағы жобалау технологиясы // Оқу құралы. - Алматы: Ұлағат, 2021.-102 б. (Чилдибаев Ж., Лахбаева Ж. авторлық бірлестікте 70%). Оқулықта жобалау технологиясына теориялық-әдістемелік талдау жасалып, білім алушылардың экологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда бірнеше жобалау тапсырмалары берілген. Оқу құралының құрылымы, тақырыптары, теориялық мәселелері, ондағы негізгі ой-пікірлер мектеп мұғалімдеріне және жоғары оқу орындарында білім алып жатқан білім алушыларға, магистранттарға, докторанттарға арналған.